

12005
6078к



Жасқілен ҚАЛИЕВ

СК

ЖЕТИСУЫМ -
ЖӘННАТЫМ!



О Т Ы Р А Р К И Т А П Х А Н А С Ы



Жасқілен ҚАЛИЕВ



**ЖЕТІСУЫМ -
ЖӘННАТЫМ!**

өлеңдер



Астана
2004

821.512.122-1
ББК 84 Қаз 7-5
К 26

*Қазақстан Республикасы Ақпарат
министрлігінің бағдарламасы бойынша
шығарылды*

К 26 Қалиев Ж.
Жетісүым – жәннатым! Өлеңдер.
2-рет өндөліп басылуы. – Астана: Фолиант.
2004. – 96 б.

ISBN 9965-619-70-0

Марқұм Жаскілен Қалиев тірі кезінде азаматтық рухта жазған өлеңдерімен құрметке бөлөнген ақын еді. Оның "Жер жүргегі", "Жырға сапар", "Жас жүрек", "Бүгінгі күн" атты өлеңдері үжымдық жинақтарға енген. "Армысың теңіз", "Азамат, қайдасың" атты жыр жинақтары оқырмандардың жүргегінен орын алып, ел ықыласына боленген.

"Азамат, қайдасың?" жыр жинағы қайта өндөліп, оқырмандарымен қайта қауышпақ.

К 4702250202
00(05) – 04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-619-70-0 © Қалиев Ж., 1995
© "Фолиант" баспасы, 2004

ЕЛІН СҮЙГЕН АЗАМАТ

Дана халқымызда: «Жеріне қарай елі, еліне қарай ері туар» деген ұлағатты сөз бар. Бұл тектен-текке, негіzsіз айтыла салған пікір емес, көргенін көкейіне түйген, естігенін алдымен ой елегінен өткізген, гибрат-өнегесі мол ұлкендердің сөзі. Ойлап қарасақ, сөз төркіні сонау тереңде жатыр. Оны мен әрқашан өзіміздің жасыл мекен, алтын бесігіміз — жер жаннаты Жетісу төңірегінен іздеймін. Оған себеп, өлкеміздің ұлу табиғаты мен бірлікті ту етіп ұстаған еңбекқор халқы емес пе?

Откенге көз жіберсек, осынау өзендер өрнектеген өлкеде халқын білектің күшімен, наизаның ұшымен жау қаһарынан қорғаган батырлардың, дауда еліне араша түскөн шешендер, қара қылды қақ жарған билер, көмейіне бұлбұл ұя салған әнші, жырышылар, ақжүрек ақын, жазушылардың көп болғаны аян. Басы жақсы басталған дүниенің аяғы дәстүрлі жалғасуда. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» дегендей, ата жолын сақтаған ұрпақтың арасынан бүгінде елге танымал ақын-жазушыларды көптеп кездестіруге болады. Олар өз талантимен халқын тәнті етуде. Солардың ішінде өзінің қаралайым да парасатты мінезімен, іскерлігімен көзге ертерек түскендердің бірі бүгінгі күні өзі жоқ болса да, халқына жүрек жарды өлеңдер жинағын қалдырыған марқұм Жаскілен Қалиев еді.

Жаскілен Қалиев 1934 жылы Бөрлітөбе ауданындағы бұрынғы «Прибалхаш» совхозында, қазіргі Көкжиде ұжымшарында дүниеге келді. Соナン «Ұлғі» балық колхозындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетін бітірді. Жоғары оқу орнын тәм-

амдағаннан кейін Бөрлітөбе, Қапал, Ақсу аудандарында қызмет істеді. 1973 жылы СОКП Орталық Комитеті жаңындағы жоғары партия мектебін бітірді. 1968 жылдан бастап облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі, партия комиссиясының төрағасы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының директоры сияқты жауапты қызметтерде болды.

Мен Жаскіленмен қызметке араласқан кезінде таныстым. Ол кезде мен Талдықорған қалалық өндіріс саудасы басқармасында бастық едім. Біз әртүрлі жиындар мен басқосуларда жиі-жиі кездесіп, әңгімелесіп тұратынбыз. Сондай бір шақтарда оның ой өрісі мен білгірлігі, тіл ұшқырлығы байқалып, ерекшеленетін. Әсіресе мәдениеттілігі, әдептілігі оқшауланып тұруши еді-ау. Жәкеңнің облыстық партия комитетінде, сонан кейін облыстың мұғалімдер білімін жетілдіру институтында қызмет істеп жүргенде де білімділігі мен біліктілігі айқын сезілер еді. Бір қарағанда сырт көзге тым тұйықтау көрінетін. Ал сөйлесе келе азаматтық парасатына тәнті болар едік.

Жәкең қандай жауапты қызмет атқарса да, табиғат-Ана бойына сіңірген ақындықты қатар алып жүріпті фой. Оның 1960 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан «Жырға сапар», 1967 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген «Жыр жүргегі» жинақтарға өлеңдері енгенін әрине біреу білсе, біреу білмейді. Сол жылдары Жаскілен марқұмның «Армысың, теңіз» атты жыр жинақтары жарық көргенде, ол және бір қырынан елге танылған. Өмірде жүре қалыптасатын адамдарға тән қасиет, ұшқыр ой, сезім мөлдірлігі, қогам алдындағы парыз сол жинақтың өн бойына арқау болған еді.

Бұғынгі күні қолымызға тиіп отырған жыр жинағы өзінің тәлімдік, тәрбиелік мәні жағынан марқұмның алдыңғы жарыққа шыққан кітабы сияқты халық жүргегінен үлкен орын алады деген ниеттемін. Соңғы жылдары демократияның жылы лебі еліміздің қоғамдық саяси өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Міне, ақын дәл осы жаңа кезеңнің басталған шағында, уақытынан тым ерте мезгілсіз көз жұмды. Алайда, оның үшқыр қаламынан туған өлеңдері сол кездің өзінде қазіргі халық көкейінде жүрген күрделі мәселелерді тап басып айтқан екен. Ақын жүргегі халықтан көш ілгері өмір сүреді деген қағида осы болса керек. Өйткені ақын өлеңдерінің негізі – қазіргі кезде саясаттан да жоғары түрған – ана тіліміз, туған жер мен елге деген лайланбас тұнық сезім, қазақи мінез, табиғат сұлулығы. Мен ақын емеспін, бірақ марқұмның сөз өрнегінен ақынға тән үлкен мәдениеттілігін байқадым.

Кезінде елге танымал болған осындай азаматтар жайында осы кітаптың кіріспе сөзіндеғана емес, оны әркез дәріптей беруіміз керек. Сондағана оның азаматтық тұлғасы биіктей бермек. Біз адамдарды тек о дүниелік болғанда емес, бұл жарық фәниде де анығырақ айтқанда, көзі тірісінде де сыйлауға, ол жайында жылы сөз айтуға тиістіміз.

Біз қалай айтып армандасақ та үлкен азамат Жаскілен Қалиевті қайта оралта алмаймыз. Артына ұмытпастай ауызға алғып жүрерлік жыр қалдыруы халқына деген құрметтен, сағыныштан туса керек. Олай болса, ақынның елі де оның кітабын сүйсіне оқыр деген берік сенімдемін.

*Жасболат НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Талдықорған облыстық әкімшілігі
жанындағы ақсақалдар алқасының
мүшесі, соғыс ардагері.*

I БӨЛІМ

АЛАСАРМА, АЗАМАТ

*Қазақпын мен, ғажаппын өрісі кең,
Разымын тағдырға сол үшін мен.*

ҚАЗАФЫМ, ХАЛҚЫМ

Қазақпын мен, ғажаппын өрісі кең,
Разымын тағдырға сол үшін мен.
Өз орным бар тірлікте, өзгемін мен
Тұрмысыммен, тіліммен, қонысыммен.

Жүріп жатқан бір жанмың ата жүртта,
Өз ұлтымнан жарапсам қatalық па?
Жеті атамда біреу жоқ сырттан енген,
Шикілік пен шаруам жоқ шаталықта.

Қазақ көрген қызықтың бәрі менде,
Қазақ кешкен тозақтың зәрі менде.
Құлан емен қағынан қашып жүрген,
Баратын да жерім жоқ жерігенде.

Қазақпын мен, өлемін қазақ болып,
Ал қазағың — бұл өзі ғажап халық.
Ұясынан ұшпайтын құс іспетті
Жатсын мейлі бауырын азап қарып.

Жұлуға жоқ еш жүрттың қолдағысын,
Тату-тәтті, тек журу — сондағысы.
Айдай өлем астында жоқ-ақ шығар
Қазағымның тимеген қолғабысы.

Көздің жасын тыйған көп жеріме кеп,
Қунап, есін жыйған көп еліме кеп.
Еңсесіне міндірген кезі де көп,
Әлдекімнің қолпайтып ерін әкеп.

Жұрт басып қап майсасын, өзі – құмда,
Біздің қазақ сынып шығатын да.
Жұмағында қаланың сырт қыдырса,
Тыстан қарап, кіре алмай тұратын да.

Мыңқ етпейтін осынау түрін көріп,
Жүзін алып жүрген көп, бірін беріп.
Қазақ-екем сонда бір бұлқынбайды-ау,
Қалмасты ойлап көршіге қырын келіп.

Көңілін сыйлап айнала ағайынның,
Кешуге бар қашанда бар айыбын.
Жері талан сосын да елі жұтаң,
Сүреңі жоқ көлі мен тогайының.

Амал қанша, бізді фой біле бермей,
Біздияды кейбіреу күле келмей.
Адам атын жамылған сайтан аз ба,
Дұшпандығы қеудесін шірегендей.

Қорлауга бер: "Ежелгі жабайың", – деп,
"Құдай-құдай, түйсігі анайы", – деп.
Айттар еді не бетін тұра қалса,
Қарсы алдына ғұлама Абайым кеп?

"Қойдан жуас жылқының торысы", – деп,
"Бізге жақсы, тәйірі, сонысы", – деп.
Не дер еді Махамбет шыға келсе:
"Аз кешпедік азаттық соғысын", – деп?

"Бақытты да, бәрін де біз бердік", – деп,
"Бұлар үшін бейнетті біз көрдік", – деп.
Қайтер еді кеп қалса Амангелді:
"Біз де қарап жатпадық, іздендік", – деп.

Демек, қашан күн кештік қолға қарап?
Бақыт келер ғайыптан жолға қарап?
Соны ұғарға зерде жоқ қайбір надан
Күлуге бар қазақты қорға балап.

«Қазақ болып кетті», — деп тырнап ішін,
Айдал салып ойдағы-қырдағысын.
Соларыңың өштігін жанып-ақ жүр
Шовинистер қолымен ұрмақ үшін.

Не нәрседе қазақты шотқа салып,
Шотқа емес, тұрасы, сотқа салып.
Солар, тегі, қазағым, жүр-ау кергіп,
Халқым жаққан біздегі отқа сарып.

Бізде жоқты біздерге теліп өліп,
Сөз сұғады-ау қабырғаң сөгілерлік!
Өз тілімде сөйлесем, сол айып па?
Мінім бе сол солардан жеңілерлік?

Өз тілінен тіріде безбеске бар,
«Без!» — десен ғой жауығып, көрмеске бар,
Таң қаламын: тіліме адальма,
Қайтіп солар, құдай-ау, сенбеске бар?!

Тілден безіп іргелі ел болам ба?
Бір дүбіре төбет бол сандалам да,
Жә, несіне асығам жұрттан бетер
Тілдер тірі тұрғанда айналамда?

Бұл сезімді әркім-ақ құптар, ұғар:
Көзі ашық іштегі, сыртқары бар.
Қарап жүріп айрылып жын ұрып па,
Ұлы тілден Абайы, Мұхтары бар?!

Жасап-ақ жүр, жә, солар іштарлықты,
Сәтін аңдып тұқырта ұстар мықты.
Тіпті өзгені қойғанда құқай қып жүр
Өсек деген ұлтқа тән құштарлықты.

Мұнда тұрған ал қандай әбестік бар?!

Қалай десін, көнілім емес құптар.
Қазақ тұрмақ қай халық өспеске бар,
“Болдық, толдық, сенейік”, — демес жұрттар.

Қазақ өссе, апырау, залал кімге?
Ұлтты бүгін сөйттің деп сөгер күн бе?
Қазақ өссе егемен ел емес пе,
Өсіп-өрбу, құтаю өз еркінде?

Жүріп жатқан ыза бол күйім міне,
Орысқа да ал осы тиімді ме?
Қазағың бол, өзгең бол өнбей жатса,
Жетер ме сол мұраттың биігіне?

Орыс бақты болар ма басқаларсыз?
Басқаларсыз – біздерсіз – жастанар сыз.
Оңай бол па серіксіз жолға шығу?
Кім болмағын, жалғыз қап жасқанарсыз.

Жолдас керек, күш керек ұлыға да,
Жолдас барда кей пәле ұрына ма?
Жеке жүріп әркім-ақ жем болмай ма
Маңырамаша кез болған ұлымаға?

Жә, байқатқан шығар да осы кеңес:
Шын орысқа шын қазақ қашық емес.
Демек, кейбір сұмдардың шектен шыққан,
Арамызды ашпағы кәсіп емес.

Сөйлейді еken, тәйірі, не бетімен?
Іштарлығы қалмайды-ау әдетінен.
Ал біздегі барша өмір туындаиды,
Біздердегі Достықтың қажетінен.

Әуектемей ендеше азат күнде,
Әр ұлтпенен сыйласу қажет мұлде!
Достық бізге шын кәусар ауамен тең:
Ал ауасыз кеңістік қажет кімге?



* * *

Қарап жүріп қағынып дау іздеме,
Қасындағы серікті жауыз деме.
Басқа ұлт емес дүшпаның : астамшылық,
Байқап-байқап ұрынғын, ауыз неме!

Бөтен емес дүшпаның, өз ішінде,
Рас, айтшы, Толстой терісің бе?
Пушкин менен Горькийсіз кім болмақсың?
Қазағым-ау, оларсыз ірісің бе?

Жә, қазағым, жалтарма, кімсің өзің?
Дос болмаса қашан сен мұңсыз едің?
Тұн-тұнекте жол таппай сенделмек пе,
Азаматсыз жол табар күнсіз, елің?

* * *

Орыстың да, әлбетте, орысы бар.
Не сүмдарға олар да толы шығар.
Достыққа жоқ, китіңшіл со пенделер
Біздің де, олардың да соры шығар.

Ондайларды еркің бар сыйламасқа,
Өзін бізге арамы бұлдамасқа.
Өсіп жүрген көз еті соларыңа
Байлад беріп өзінді, қинамасқа.

Ұлтшылдығым емес бұл — ашынғаным,
Кім болмасын кешірмен басынғанын.
Жүзі жылы пендеге мен де жылы,
Дос ізденесе Қазақстан — қасындамын.

Күннен туған қазақ жоқ — білсін бәрі!
Иектемей жүртүмды жүрсін әрі!
Кісімсіген пендеге мен де сұйқ,
Қынғ емес қазақтың қырсығары.

* * *

Сөкпесін жұрт айтты деп қазақтығын,
Бұл – елдігім, бастағы азат күнім!
Дәріптеуден, расында, пайда қанша
«Ұлылығын» өзгенің, «озаттығын?»

Өзің күшті болмаған күнің құрсын,
Құйрығыңдан шыққансын үнің құрсын.
Сүтке тиген күшікше күндер өткен...
Жә, жетеді! Қазағым мығым жүрсін!

Еркін елміз, ешкімді дікендетпе!
Көз алдында өзінді бүкендетпе!
Еңку-еңку жер шалған ер бабамыз,
Жетегінде өзгенің бітем деп пе?

Өзіңе сен, өзің шеш тағдырыңды,
Көремісің, жоғалттың сан жылыңды.
Негіп, қазақ, әйеншек боп кеткенсің,
Жұрт емес пе ең өткерген сан дүбірді?!

Көкейіме қонбайды бұғатының,
Көрінгеннен қисынсыз ығатының.
Қайда сениң аясаң қоя беріп,
Атаңды да алыссаң жығатының?

Жұрттан алсаң ақыл ал, алма басқа,
Мал таптым деп өзінді алдамасқа.
Бұраудың да, қысқасы, сұрауы бар,
Тағдыр қатал бір күні қарғамасқа.

* * *

Жұрттан алсаң ақыл ал, алма басқа,
Кім көрінген жаныңды арбамасқа.
Өзің күйттеп, арыңдан айырарда,
Күлшесімен қолдағы алдамасқа.

Жұрттан алсаң ақыл ал, алма басқа,
Сау басыңды жалдаптар жалдамасқа.
Еркін күнің жанардан бұл-бұл ұшып,
Көзің жасы көл болып парламасқа.

* * *

Қазақпыз ғой, бауырым, қазақпыз ғой,
Бірімізге біріміз азаппыз ғой.
Таныса сап тебісіп жатқанымыз...
Фажаппыз ғой, құдай-ау, фажаппыз ғой!

Сосындағы кей жұртқа мазақпыз ғой,
Еншімізді бақыттан аз аппыз ғой.
Демек, біздің қырқысу не теңіміз,
Көп те емеспіз өзгедей, аз-ақпыз ғой.

* * *

Күн көрмекке бас сұқпа бұл өмірге,
Құйрығына «куштінің» кіре білме.
Еркін күнің құрырға көзің жетсе,
Қайрат тап та, қанжар сұқ жүрегіңе!

Бәрін алсын дүние, арды берме,
Арың барда өзіңді жарлы көрме.
Арға жұтаң «куштілер» аз болмаған,
Бүгін бірақ, боқ сасып қалды жерде.

Қалтылдама шен үшін, шекпен үшін,
Сарқылмасын сондайда текке күшің.
Сені билеп дендеген арсыз пенде,
Жасайтынын ұмытпа көпке қысым.

Бәрін алсын дүние, арды берме,
Шаужайыңнан алдырма әлділерге.
Қарғыбаулы күніге ит болғанша,
Көзіңді жұм, кісі бол, қарғы көрге!

ІЛИЯСҚА

Жапанда сар желдірткен Құлагермен,
Өлеңнің селін қырға бұра келген.
Қазағым аңсағанда сөз мықтысын,
Шапанын шешіп тастап, тұра келген.

Күй болып домбырада күмбірлеген,
Далада Ілиясты кім білмеген!
Жанына шипа сыйлап — дәрігер-әуен,
Көкейін тыңдағанның мұң бүрмеген.

Қыр кезген құйындастып дауыл-өлең,
Қақтырған көл шоқпытқа дабыл елең.
Жыр қалап кедей жаны, жыр — кедейді,
Тұтасқан ақын мәңгі табыменен.

Ілияс туған жерге өлең еккен,
Борышын ар алдында төлеп өткен.
Мәңгілік көп жүректе маздау үшін,
Ол — жалын бір жүректе сөне кеткен.

* * *

Жақсында жылпып, жақын да болып
көрініп,
Жемпендей қалып, жанынан күнде
табылып,
Жаманды күнде осқырып, тіпті жерініп,
Жатынан бетер шабаланып шығып,
шабынып.

Жатады, пай-пай, ағайын атты пенделер,
Жариялады тылда екінші саған майданды.
Өзіннен ыққан жүрсін деп бұғыл өңгелер,
Басында дәурен барында көріп пайдаңды.

Бәтір-ай, мұның туысқандыққа несі сан?
Жыласаң жылап, қуансаң бірге күлсө ғой!

Қолтықтан демеп күресті күнде жасысаң,
Қажеті туса шайқасқа қатар кірсе ғой!

Бала деп тұрмай баяғы күнде көз көрген,
Дана деп танып бүгінгі таңда өзгерген,
Азаматтығыңа сұғынбасына кез келген,
. Жүрсе ғой ңаға сұғанақ тіл мен көздерден!

* * *

Ағайын, сенен арсылдап жеткен ит артық,
Қабағыңды көрсе қаймандал кейін қайтады.
Ағайын итің басыңа келіп «күй тартып»,
Сүріиіп кетсөң қайдағы «кеғін» айтады.

* * *

Соңыңнан кейде кей байғұс,
Күшікше құштар еруге.
Басыңнан бағың тайған тұс
Қиналар қолын беруге.

Шытынып тіпті, осқырып,
Елемей қалып жоқ жерден,
Тұрады-ай жаулық-ұскірік
Ұшқындал салып көздерден.

Сондайда оқыс кез келіп,
Тұсынан өтсе бір дәкей,
Үржиып салып өзгеріп,
Ағып та кетер сілекей.

КЕЙБІРЕУ

Қонаққа шақырады берсе екен деп,
Іс тұскенде икемге келсе екен деп.
Аярлықпен жасырып сиым дейді,
Ішінен отырса да өлсе екен деп.

Біреуге: «Адам бол!» – деп бас береді,
Ол мұны құдай ұрып, қас көреді.
Арақпен қинау, улау – бар білері,
Қай хайуан, қарап тұрсаң, өстер еді?!

ҚАЗАҚ АЗАМАТЫНА

Тым тақуа бол барасың бүгінде,
Арабтарға құл болмағай түбінде.
Қолдан келсе қазағыңың қамын же,
Есің барда еш құдайға жүгінбе!

Өзің құдай болмағансын сөз бе екен,
Көрінгенге телміргенді қой, көкіме!
Араб тұрмақ ағылшынға алдырма,
Еңсөнді жыйи, не құдаймен сөйле тең.

Өзіңе сен, өзің қайрат еткейсің,
Надан болмай, адам болып өткейсің.
Өзге жұрттың өз ұлдары бар шығар,
Сен қазақты қазақ етіп кеткейсің.

Арманға бұ тірлікте жеткен де бар,
Зарығып, жолда мерт бол кеткен де бар.
Елінде, не бол жатса, шаруасы жоқ,
Өзімен өзі болып өткен де бар.

«Тоқ» та бар, аңғарғанға «жарлы» да бар,
Жылаулы жаны соған арлы да бар.
Жамалып жең ұшынан жатқан дүние:
Билігі барға – билік, малдыға – мал.

Десек те қанша теңбіз кісімсініп,
«Күштің көп көз алдында түсі» сынық.
Бір дәурен, амал қанша, өтті бізден,
Сыздатып жанымызды қысымшылық.

Қарпылып жүргіміз қайғы-мұңға,
Тірліктің қалтылдаймыз айдынында.
Баспайтын ешкім еңсе қайда теңдік?
Шіркін-ай, орнар екен қай ғұмырда?

... Арманға бұ тірлікте жеткен де бар.
Зарығып, жолда мерт боп кеткен де бар.
Кеуделер менменсіген бір басылар,
Ақырын ар-намысшыл кектен табар.

Шын қыран шырқап шығып, шыңға құлар
Шайлышпай мезгіл жетсе сын қабылдар.
Әртке кір өрекпімей, ер жігіттер,
Замана жетсін десең шын бауырмал!

* * *

Егесуді қойындаршы, қазақтар,
Бірің өліп, бірің қалып жүрмеске.
Әлдекімдер: «Ақымақ!» — деп мазақтап,
Жырқ-жырқ етіп сырттарынан құлмеске.

Айтысады тындаршы, бауырлар,
Айтысам деп айтты-айтпады, не таптың?
Аз ба сені жайпап өткен дауылдар?
Тауқыметін тарттың небір апаттың.

Рушылдық ит жасады баршаңды,
Беу, ағайын, күнің бар ма ұғынар?
Сол пәлеге қор боламыз қашанғы?
Сонда кеткен не әкеңнің құны бар?

Ұлы болып қала бермей атаның,
Күні болып лаулайық та қазақтың.
Дүр сілкініп жасанбаққа жапаның,
Ел басында құтаймаққа азаттық!

Нелері бар, құдай-ау, Сталинде?! —
Дейді біреу күрбиіп үстелінде.
Өзінше бір момақан, бейтарап жан,
Шаруасы жоқ дауың мен істерінде.

Өзінше бір адамың жай отырган,
Өзгелерден жақсылау, дана туған.
Ал, турасы, залалы бір кем емес,
Жаныңдағы жандарға жай отынан.

Болмағанмен баскесер Бериясы,
Жетіп жатыр мұның да ариясы.
Сан тағдырды тоғытқан толқыныңа
Кеудедегі қастықтың дариясы.

Сталинше атпай-ақ, аспай дарға,
Тұншықтырған талайды жастай зарға.
«Адам үшін бәрі де!» — дей отыра,
Бұдан өткен адамға қаскөй бар ма?

Айдатпай-ақ Сібірге, Колымаға,
Удай тиген оцына, солына да.
Айтып тұрғой, кадрсыз қалған өңір,
Шертіп тұрғой замана соны мына.

«Халық жауы» дегенді телімей-ақ,
Ер жігітті отаған еліме бақ.
Жалмауызша семізден таңдал жеген
Естілерді құртуға еліге қап.

Құламасқа тұғырдан өзі отырган,
Кімге пәле термеді бұл антұрған.
Руынан астыртын «әскер» жиып,
Ұлттық мұдден, елдігің тұра тұрған.

Білгей, иә, мұныңның кім екенін,
Сталиндік стильге құл екенің.

Бұлар барын дүниеде ойлағанда
Мен бір мезет көңілімді жүдеметін.

... «Нелері бар, құдай-ау, Сталинде?! —
Дейді-ау шіркін шертип үстелінде.
Нем жоқ, түге, Сталинше жасап жүрсе
Көкіректерді қырық жамау қысқа күнде?

* * *

Жақсылық та адамнан, жамандық та,
Қарап жүріп қағынып, жаға жыртпа.
Жақсылыққа жүрмегін қанжар сілтеп,
Сүйкімді көрінбекке надан жүртқа.

Қызмет қылма қайғыға, қасіретке,
Ер сыйлап, еркін үқ, жасық етпе.
Өзің болып тұрғанға мастана қап,
Гүлдей нәзік көңілін басып өтпе.

Сен біреуді қорласаң, сені — біреу,
Сенің де төбенде ойнар күн күркіреу.
Жарасымды қылық па жақсы күнде
Бақыт жауар бастарға мұң сіркіреу?

Сен де, есебі, пендесің, мығымсынба!
Көкірегіңе жылылық сұғынсын да.
Күшті болсаң ізгі бол, кісі сыйла,
Жақсы барын адамдар ұғынсын да.

* * *

Бұл өмірде адам біткен тең емес,
Теңбіз деген көкейдегі тек елес.

Жанның ісі аңғармайтын мән-жайды,
Ездің ісі ойламайтын ондайды.

Жә, теңдік жоқ, бос сөз оның, тәйірі,
Болса қайсы тиғен саған қайыры?

Теңдік болса жүремісің кемдікте?
Шықпаймысың молшылық пен кеңдікке.

Өз жерінде өксіп жүріп жатасың,
Өз елінде көзге тұрткі, шатасың.

Жетпіс жылда аузың асқа жарымай,
Ал олардың, қарап тұрсаң, бәрі бай.

Бек те солар, солардікі билік те,
Сықияды мініп бір-бір жүйрікке.

Қосарлап сап «УАЗ-ың», мен «Волгаңды»
Елден жиып оралады олжанды.

Май жүзбейді сенің ішкен көженде,
Олар жұтса сарқылады өзен де.

Солар жейді қазы менен қартаны,
Құмарлықтың жын-ойнағы – әр таңы.

Сен – етекте, олар – кеңсе төрінде,
Тағдырыңа солар басар мәрін де.

Соларыңың сөзі сөз де тегінде,
Көз тірінде-ақ орайды олар кебінгे.

Оларыңың оты мәңгі өшпейді,
Өшіріп көр «құштілері» кешпейді.

Бір пәлені ойлап тауып басыңа,
Өле-өлгенше айналады қасыңа.

Көпке өнеге болмасыңа қарақтап,
О, қызық-ай отырады жауаптап.

Жә, бұдансын жүрт босады маңыңан,
Суыстайды кеше саған табынған.

Қағылмасқа жалақыдан, наныңан,
Айрылмасқа азды-көпті бағыңан.

Достарың да танымастай өзгеріп,
Тұыста да сыйласымды сөз кеміп.

Қыртиып сап құдай екеш құдай да,
(Теңдік іздеу күштілерге ұнай ма?)

Үстемдердің кешіре сап күнәсін,
Ең кінәлі бір сен болып шығасың.

Орын көп қой өлгендерге жұмақта,
Саған одан түк те тимес бірақ та.

Бұ күштілер хорды құшып жатқанда
Сен тамүқта зар шегесің ақ таңға.

Бұ тәңірің сүймеген гой теңдікті,
Сүйсе жүртқа тең бөлмей ме кендікті?

Біреулерге ұйіп-төгіп нәндікті,
Біреулерге тықпалайды кемдікті.

Ол бұлардан, бұлар одан көшіріп,
Жатыр дүние, жә, соларша шешіліп.

* * *

Әкең барда, шешең барда мұңайма,
Игілікте есек барда мұңайма.

Ар жолында қарың талса жебейтін,
Қатарында жолдас барда мұңайма.

Жан серігің – жарың барда мұңайма,
Жан қуатың – жалын барда мұңайма.

Егескен тұс билігі бар наданды
Елемеуге халың барда мұңайма.

Балаң барда, панаң барда мұңайма,
Шағылмаған тауың барда мұңайма.
Өмір қысқа. Көз жұматын күн туса,
Күрсінетін далаң барда мұңайма.

* * *

Осы бізде жас бар ма, болса қайсы?
Өздерінде бас бар ма, болса қайсы?
Ата жолын қуарлық қауқары жоқ,
Дәлдүң-дулдің бірдене, оңса қайсы?

Қыран жаулар шындармен шаруасы жоқ,
Алған білім бойына қонса қайсы?
Киер киім, ішуден басқа сөз жоқ,
Бойда мінін сезініп, жонса қайсы?

Жас екенсің жасқа тән жалын қайсы?
Іс апшысын қуырап арын қайсы?
Бұт тірлікте қамал көп қайратынанар,
Жат сескенер өжеттік, алым қайсы?

Озық жүріп, оңтайлы іс қылмаққа
Іскерлік пен өнерден салым қайсы?
Айыңды бір аспанға шығаратын
Жан сүйсінер ерекше дарын қайсы?

Жас адамға жарасар қылық қайсы?
Ізет тұтар ұлкенді ғұрып қайсы?
Көргендіден жөн танып, жосық іздел,
«Іштен біле туғанды» ұмытсайшы.

Тәнің таза, жаның сау, бекем ұстап,
Не кеселдің көңілін сұытсайшы!
Ізгі ниет, ер сенім, нұрлы сезім —
Тек жуытса соларды жуытсайшы!

* * *

Ірі деп жүргеніміз ұсақ екен,
Қай-қайсы бір-бір қара пышақ екен.
Күніге құрбаныма шалып келген
Қазағың бұлар үшін тұсақ екен.

Қадірін халқымыздың білері жоқ,
Қазақтық келбеті бар, жүрегі жоқ.
Башпайын руының басып кетсөң,
Шәуілдеп, шабаланып үреді кеп.

Өзінше бәрі шешен, біледі кеп,
Басқаны ажуалап күледі көп.
Сөйлейді-ай іс үддесін көксегенсіп,
Ал, шыны, билеп-төстеу тілегі бол.

Жік-жік бол, қадамынан өсек өрбіп
Жатқанын мылжаласып кеше көрдік.
Бұл, сірә, қылық емес өсер елдік,
Жә, қырсық, қырсығым-ақ өшер елдік.

* * *

*Ленин ордені Абай атындағы
опера және балет театрының
әншісі Әдетбекова Тоқтарға ар-
наймын*

Аспанда тамылжыды Тоқтар әні,
Қыбырсыз, қыңсыз тынды, көп қарады.
Дауыл үн, құйқылжыған күміс әуен
Тебірентіп жүректерді ноқталады.

Мал — ойда, құс — қияда тынып қалды,
Ән арбап, кешкі самал құрықталды.
Қызың — қырдың еркө бозторғайы
Қалықтап қиыр көкте тұрып қалды.